ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

«КЕЛІСІЛДІ»
М.Жұмабаев атындағы
гимназия директоры
__________ Жалелов А.
«_13_»___04_____20_23_ж.

«БЕКІТЕМІН»
«Академик Е.А.Бөкетов
атындағы Қарағанды университеті»
Басқармасының Төрағасы – Ректоры
__________ Дулатбеков Н.О.
«_30_»___03_____20_23_ж.

# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

## «6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті»

Деңгейі: Бакалавриат

«КЕЛІСІЛДІ»
Н.Нұрмаков атындағы
мамандандырылған
мектеп-интернат директоры
__________ Султанов С.А.
«____»___04_____20_23_ж.

Қарағанды, 2023

«6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;

2. «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы (24.05.2018 ж. өзгертулер мен толықтыруларман);

3. 2018 жылғы 31 тамыздағы № 604 Жоғары білімнің мемлекеттік жалпы міндетті стандарты;

4. Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері;

5. ҚР БҒМ «Кредиттік жүйе бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелерін бекіту туралы» 2018 жылғы 2 ақпандағы №152 бұйрығы (12.10.2018 ж. № 563 өзгертулер мен толықтырулармен);

6. 2018 жылғы 13 қазандағы №569 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы;

7. Орта білім берудің(бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2018, 31 қазан, №604 бұйрық);

8. «Педагогтің» кәсіби стандарты («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлтық кәсіпкерлер палатасы төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша)

9. «Жалпы білім беретін мекемелерде жалпы білім беретін пәндер, таңдау бойынша курстар мен факультативтер бойынша типтік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрыққа өзгертулер мен толықтырулар 2018 жылдың 10 мамырындағы № 199 ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы;

10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің типтік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығы.

**Мазмұны**


| № | **Білім беру бағдарламасының төлқұжаты** | **Беттер** |
|---|---|---|
| 1 | Білім беру бағдарламасының коды және атауы | 4 |
| 2 | Білім беру саласының коды және жіктелуі | 4 |
| 3 | Білім беру бағдарламаларының тобы | 4 |
| 4 | Кредиттер көлемі | 4 |
| 5 | Оқу түрі | 4 |
| 6 | Оқу тілі | 4 |
| 7 | Берілетін академиялық дәреже | 4 |
| 8 | Білім беру бағдарламасының түрі | 4 |
| 9 | БЖХС бойынша деңгей | 4 |
| 10 | ҰБШ бойынша деңгей | 4 |
| 11 | СБШ бойынша деңгей | 4 |
| 12 | Білім беру бағдарламасының  ерекшелігі | 4 |
| | ЖОО партнер (серіктес) | 4 |
| | ЖОО партнер (серіктес) | 4 |
| 13 | Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі | 4 |
| 14 | Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі | 4 |
| 15 | Білім беру бағдарламасының мақсаты | 4 |
| 16 | Білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы | 4 |
| а) | Біліктілік пен лауазымдар тізбесі | 4 |
| б) | Кәсіби қызмет саласы мен объектілері | 4 |
| в) | Кәсіби қызмет түрлері | 5 |
| г) | Кәсіби қызметінің функциялары | 5 |
| 17 | Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау | 7 |
| 18 | Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау | 9 |
| 19 | Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы | 12 |
| 20 | Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу(ЖОН) | 32 |
| 21 | Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері | 35 |
| 22 | Сертификациялық бағдарлама (MINOR) | 39 |
| 23 | Түлек моделі | 40 |

1. **Білім беру бағдарламасының коды және атауы:** 6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті
2. **Білім беру саласының коды және жіктелуі:** 6В01, педагогикалық ғылымдар. 6В017, тіл және әдебиет бойынша мұғалімдер даярлау.
3. **Білім беру бағдарламаларының тобы:** 6В017, қазақ тілі мен әдебиеті бойынша мұғалімдер даярлау.
4. **Кредит саны:** 240 ECTS.
5. **Оқу түрі:** күндізгі.
6. **Оқу тілі:** қазақ тілі.
7. **Берілетін академиялық дәреже:** «6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» бойынша білім бакалавры.
8. **Білім беру бағдарламасының түрі:** қолданыстағы.
9. **БХСЖ деңгейі:** 6.
10. **ҰБШ деңгейі:** 6.
11. **СБШ деңгейі:** 6.
12. **Білім беру бағдарламасының ерекшелігі:** жоқ.
13. **Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымша:** № 016, 28.07.2020 ж.
14. **Аккредиттеу органының атауы және білім беру бағдарламасын аккредиттеу мерзімі:** Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі Тәуелсіз қазақстандық агенттігі/НКАОКО. Сертификат SA-A №0156/2 Аккредиттеудің мерзім уақыты: 27.05.2019 г.-24.05.2024 г.
15. **Білім беру бағдарламасының мақсаты**: Жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша мұғалімін даярлау, жаңартылған білім мазмұнына сай білім беру, қазіргі білім беру жүйесінде қолданылатын жаңашыл технологияларды үйрету.
16. **Білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврдың біліктілік сипаттамасы**

а) Біліктілік пен лауазымдар тізбесі

- қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі;
- ғылыми-зерттеу мекемелерінде кіші ғылыми қызметкер;
- әдеби кеңесші;
- мемлекеттік іс қағаздар жүргізуші.

б) Кәсіби қызмет саласы мен объектілері

«6В01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім бакалаврының кәсіби қызметінің нысандары:

- мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу ұйымдары;
- бастауыш, негізгі және бейіндік мектептер;
- мамандандырылған мектептер;
- әдеби, мәдени мекемелер, баспа орындары;
- мемлекеттік органдар, түрлі кәсіпорын, өндіріс орындарындағы іс-қағаздары мен құжаттау бөлімдері;
- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары болып табылады.

«6В01701 - Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша білім бакалаврының кәсіби қызметінің саласы:

- білімдік қызмет саласында:
  - жалпы білім беретін орта мектептерде, лицей, гимназияларда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында сабақ беру, жаңартылған білім мазмұнына сай әдістемелік білімі мен қолданбалы біліктілігінің болуы;
- эксперименттік-зерттеу қызмет саласында:
  - ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді оқып-білуі;
  - қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірбиелерді зерделеу және қорытуы;
  - педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу;
- ұйымдастыру-басқару қызметі саласында:
  - қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білім беру мазмұнын әртүрлі деңгейде жоспарлауы;
  - оқыту процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтауы;
- әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласында:
  - көпмәдениетті тұлға қалыптастыруы;
- оқу-тәрбиелік қызмет саласында:
  - оқу-тәрбие жұмыстарын педагогикалық процестің заңдарына, заңдылықтары мен  принциптеріне, тәрбиелік механизмдерге сәйкес іске асырылуы;
  - сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлауы;
  - нақты тәрбиелік міндеттерді шешуі;
  - қазақ тілі мен әдебиеті бойынша сыныптан тыс жұмыстарда оқыту мен тәрбиенің әртүрлі формалары мен әдістерін таңдау және қолдану;
  - оқушылар ұжымымен, осы сыныпта сабақ беретін мұғалімдермен, ата-аналармен байланыс орнатуы;
- оқу-технологиялық қызмет саласында: оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

в) Кәсіби қызмет түрлері

«6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті» білім бакалаврының кәсіби қызмет түрлері:

- білім беру (педагогикалық)
- ғылыми-зерттеу;
- әдеби-шығармашылық;
- ұйымдастыру-басқару;
- өндірістік-басқарушылық.

г) Кәсіби қызметінің функциялары

- оқыту - оқу ақпаратын таратады, жаңартылған білім мазмұнына сай өз бетімен білім алуды үйретеді, білім алушылардың лингвистикалық қажеттіліктері мен сұраныстарын ескере отырып, оқу сабақтарын құрастырады, оқытудың жаңа технологияларын қоланады және т.б.;

- тәрбиелеу - білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне араластырады, педагогикалық әдепті, педагогикалық этика ережелерін сақтайды, білім алушылардың жеке басын құрметтейді, Қазақстанның ұлттық басымдықтарын ескере отырып, тәрбие үдерісін құрады және т.б.;
- әдістемелік – білім беру үрдісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады, өз біліктілігін арттыруды жоспарлап, әдістер мен тәсілдерді анықтайды, оқу материалдарын берілген оқу мақсаттарына сәйкес өңдейді және т.б.;
- зерттеушілік - білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін, білім беру ортасын зерттейді, білім алушылардың жеке ерекшеліктері диагностикасының нәтижелерін пайдаланады;
- әлеуметтік-коммуникативтік - кәсіби қоғамдастықпен және білім берудегі барлық мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікті жүзеге асырады, білім беру стекхолдерлерін біріктіретін инновациялық идеяларға бастамашылық жасайды және т.б.;

**17. Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау**

| **Құзыреттілік түрлері** | **Оқу нәтижесінің коды** | **Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)** |
|---|---|---|
| Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: 1. (Softskills) | ОН 1 | Біртұтас жүйе және адам ретінде қоғам туралы, қазіргі қоғамдағы рухани процестердің рөлі, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы тараптардың құқықтық мүдделері, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, адамға және табиғи ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсері, латын графикасының негізгі ұғымдары туралы білімдерді қолданады. |
| | ОН 2 | Педагогикалық үдерісте білім беру және тәрбиелік міндеттерді қалыптастырады, оқытудың түрлерін, формаларын және әдістерін таңдайды, алған білімдері негізінде білім беру үдерісін басқарудың әдістері мен құралдарын, принциптері мен заңдылықтары қолданады. Тәрбие жүйелерін құра білудің әдістемесін, сынып жетекшісінің тәрбиелік іс-әрекет бағыттары мен қызметтерін игереді. Білім алушылардың отбасымен қарым-қатынас жасаудың заманауи формалары мен әдістерін қолданады. |
| | ОН 3 | Инклюзивті, жалпы білім беретін мектептердің арнайы сыныптары мен үйден оқыту жағдайында оқушыларды инклюзивті оқыту үлгісін қолдану жұмыстарын ұйымдастырып, жоспарлайды және шешім қабылдайды. Инклюзивті білім беру жағдайында білім алуда ерекше қажеттілігі бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын жоспарлайды. Инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың жеке жетістіктерін бақылап, талдап, қадағалайды. |
| Сандық құзыреттер: 2. (Digital skills): | ОН 4 | Әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу, даму жолдарынын, әдебиетке қатысты терминологияны жан-жақты меңгереді. Әдебиеттану ғылымы өзекті арналарымен, яғни әдебиет теориясы оның поэтикасынан алған білімімен көркем шығарманы талдайды. Ұлттық әдебиеттану ғылымының әр кезеңінің жетістіктері мен кемшіліктеріне ғылыми тұрғыда сарапқа салады. Шетел әдебиетінің классик жазушыларының шығармашылығы мен өмірбаяндарын, олардың әлем әдебиетіндегі ерекшеліктерін меңгереді. |
| | ОН 5 | Латын әліпбиіне қатысты ережелерді, қағидаларды қалыптастырады, орфография мен пунктуацияға байланысты өз ойын айтып, пікірін ұсына алады. Латын графикасы негізіндегі қазақ тілінің орфографиялық ережелерін игереді, жазудың түрлеріне, қазақ жазуының қалыптасуына байланысты негізгі ұғымдарды игереді. |
| | ОН 6 | Қазіргі қазақ тілінде сөзжасамдық және морфологиялық талдауды меңгереді. Сөзжасам жүйесі мен тілдің морфемалық құрамы, сөз топтарының лексикалық-грамматикалық |

| | | |
|---|---|---|
| | | ерекшеліктері туралы пікір білдіру дағдысын қалыптастырады. Белгілі бір салада, жанрда қолданылатын тілдік бірліктердің жиынтығын ажыратады және сипаттайды, әдеби тілдің нормаларын біледі. |
| | ОН 7 | Қазақ әдебиетін оқытуда әдіс-тәсілдер, ұстанымдар, оқытудың формалары мен түрлерін меңгеру және ерекшеліктері мен тиімді тұстарын айқындайды. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінен алған білімдерін іс-тәжірибемен ұштастыра алады. Қазақ әдебиетін интерактивті оқыту әдістемесінің негізгі даму кезеңдері мен қалыптасу ерекшеліктерін, негізгі интерактивті әдіс-тәсілдер ерекшеліктерін игереді. Интерактивті әдіс-тәсілдерді жаңартылған білім мазмұнымен байланыстырудың маңызын меңгереді. |
| Кәсіби құзыреттер: (Hardskills) | ОН 8 | Қазақ халық ауыз әдебиетінің шығу тегі мен дамуын оның басқа да ғылымдарды дамытуға жасаған әсер, ықпалын бағамдайды. Қазақ халық ауыз әдебиетінің тарихи негіздерін нақтылай алуға дағдыланады. Қазақ тарихи жырларының деректері мен дәйектемелері арқылы ел мен жер тарихына қатысты пікірлер айтып, суырыпсалмалық өнердің тарихқа байланыстылығын дәлелдейді. Рухани мұраларды белсенді насихаттау арқылы қазіргі қоғамдық сананы жаңғырту жұмыстарын белсенді түрде іске асыруға ықпал етеді. Қазақ халқының рухани құндылықтарын игеру арқылы ұлттың тағдыры мен келешегін игереді. |
| | ОН 9 | Қазақ әдебиеті тарихының әр кезеңінің жетістіктері мен кемшіліктерін талдайды. Ежелгі кезеңнің әдеби мұрасын, негізгі тақырыптарын, идеялық бағытын, XIX-XX ғасырлардағы қазақ әдебиетіндегі әдеби шығармалардың көркемдік ерекшеліктерін зерттейді. Абайтанудың жетістіктері мен жаңалығы туралы білімін қалыптастырады. |
| | ОН 10 | Аударматану тарихы, теориясы, практикасы, аударма заңдылықтары, сөздіктердің сипаты, түрлері, құрастырылуы, қазақ лексикографиясы мен терминографиясы мәселелері туралы білім алады. Сөздікпен дұрыс жұмыс жасайды. Аударылатын тілдік жүйелердің барлық деңгейінде кездесетін ұқсастықтар мен айырмашылықтарды тауып, олардың аударылу тәсілдерін меңгереді. Әдеби аударма ғылымының теориясы мен тарихы, ғылыми-практикалық мәселелерін жан-жақты жүйелі игереді. |
| | ОН 11 | Әдебиеттану ғылымының әдіснамалық мәселелерін меңгереді. Компаративистиканың негізгі бағыттарын зерттейді. Қазақ әдебиетіндегі модернистік әдеби ағымдардың негізгі идеялық-эстетикалық ерекшеліктерін талдайды. Қазақ әдеби сын тарихының әр кезеңінің жетістіктері мен кемшіліктерін саралайды. |
| | ОН 12 | Алған білімдерін кәсіби деңгейде оқыту процесінде қолдана алады. Қазақ тілінің орфоэпиясы мен орфографиясының негізгі ережелерін, транскрипциясын зерттейді, сөйлемдерді дұрыс айтуға және сауатты жазуға үйренеді, ойды нақты және дәл жеткізе алады. |

| | | |
|---|---|---|
| | ОН 13 | Сөздің лексикалық жүйедегі орнын, лексикалық мағынасын, сөздің кеңеюі мен тарылуын анықтайды. Сөздің пайда болу заңдылықтары мен этимологиясын, эмоционалды-стилистикалық сипатын түсінеді. Фразеологизмдер мен олардың түрлерін ажыратады, оларды тыңдалымда, айтылымда, оқылымда және жазылымда қолданады. Мәтінді синтаксистік талдау дағдыларын меңгереді. |
| | ОН 14 | Тіл біліміне қатысты алғашқы тілдік түсініктерді, тілдің пайда болуы, қалыптасуы, даму заңдылықтары, тіл білімінің салалары, тілдердің жіктелуі, тілдің қызметі сияқты мәселелерді игереді, тіл мен қоғам арақатынасын, тіл мен ойлау, тіл мен сөйлеуді байланыстыруды үйренеді. Жалпы тіл білімінің тарихын, тіл біліміндегі бағыттар мен мектептерді, тіл білімінің теориялық мәселелерін біледі. |
| | ОН 15 | Абай шығармалары тілі мәселелеріне қатысты теориялық білім алады. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы, кезеңдері, алғашқы арналары мен тарихи негіздерін біледі, қазіргі қазақ әдеби тілінің нормаларын қолданады. XX ғасыр басындағы Алаш зиялыларының қазақ әдеби тіліне қосқан үлесімен танысады. Көркем мәтіндегі ақпарат түрлерін, күнделікті сөйлеудегі мәтінаралық байланыстардың әлеуетін пайдаланады. |

## 18. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

| Оқыту нәтижесінің коды | Модуль атауы | Пәндер атауы | Көлемі (ECTS) |
|---|---|---|---|
| ОН 1<br>ОН 2 | Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздері | Қазақстан тарихы (МЕ) | 5 |
| | | Философия | 5 |
| | | Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері<br>Қолданбалы бизнес<br>Ғылыми зерттеу негіздері<br>Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері | 5 |
| ОН 2<br>ОН3 | Әлеуметтік-саясаттану білім модулі | Саясаттану, Әлеуметтану | 4 |
| | | Мәдениеттану, Психология | 4 |
| ОН 2<br>ОН 3 | Ақпараттық-коммуникативтік | Ақпаратты-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде) | 5 |
| | | Орыс тілі | 10 |
| | | Шетел тілі | 10 |
| | | Дене шынықтыру | 8 |
| ОН 2<br>ОН 3 | Педагогикалық дайындық негіздері | Оқушылардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы | 5 |
| | | Педагогика | 5 |
| | | Білім берудегі менеджмент | 4 |
| | | Инклюзивті білім беру | 5 |
| ОН 4 | Базалық дайындық | Әдебиеттануға кіріспе | 4 |
| ОН 5 | | Латыннегізді қазақ жазуы | 4 |
| ОН 9 | | XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті | 5 |
| ОН 6 | | Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы | 5 |
| ОН 7 | | Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі | 5 |
| ОН 7 | | Қазақ тілін оқыту әдістемесі | 5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ОН 8<br><br>ОН 9 | Әдебиеттік білім негіздері | Қазақ халық ауыз әдебиеті<br>Тарихи жырлар поэтикасы | 5 |
| | | Ежелгі және қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет<br>Әдебиеттегі рухани жаңғыру үдерісі<br>Орта Азия халықтарының әдебиеті | 7 |
| | | XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті<br>Абайтану<br>Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиет | 5 |
| | | XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті<br>Қазақ әдебиетіндегі модернистік ағымдар<br>Жанр және көркемдік әдіс | 5 |
| ОН 10 | Аударма тәжірибесі (MINOR) | Сөздікпен жұмыс<br>Аударматану лингвистикасы | 5 |
| | | Қолданбалы аударматану<br>Тілдік қатынас негіздері | 5 |
| | | Әдеби аударма негіздері<br>Қазіргі компаративистика | 5 |
| | | Аударманың ғылыми және ақпараттық тәжірибесі<br>Салыстырмалы әдебиеттану | 5 |
| ОН 12<br>ОН 13 | Тіл білімінің негіздері және қазіргі қазақ тілі | Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы және морфонологиясы<br>Қазақ тілінің дыбыстар жүйесі<br>Қазақ диалектологиясы | 5 |
| | | Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен этнолингвистикасы<br>Семасиология және этимология<br>Туынды сөздер | 5 |
| | | Тіл ілімдерінің негіздері<br>Орфография мен пунктуацияның қиын мәселелері<br>Тіл біліміне кіріспе | 5 |
| | | Оқу | 4 |
| | | Педагогикалық | 4 |
| ОН 11 | Әдеби тіл мен әдебиеттану ғылымы | Әдебиет теориясы | 5 |
| | | Жалпы тіл білімі | 6 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Қазақ әдеби сынының тарихы | 5 |
| | | Тіл тарихы | 7 |
| ОН 13<br>ОН 14<br>ОН 15 | Мәтінтанудың теориясы мен тәжірибесі | Алаш арыстарының тілдік мұрасы<br>Көркем мәтінді тілдік талдау және тіл мәдениеті<br>Тәрбие жұмысының әдістемесі | 6 |
| | | Қазақ әдебиетін оқытудың интерактивті әдістемесі<br>Шетел әдебиетінің тарихы | 5 |
| | | Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі<br>Абай және қазақ әдеби тілі | 6 |
| | | Өндірістік (педагогикалық) | 19 |
| | | Дипломалды | 3 |
| Қорытынды аттестаттау | | Қорытынды аттестаттау | 8 |

## 19. Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

| NN п/п | Пәндердің атауы | Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-40 сөз) | Кредиттер саны | Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **ОН 1** | **ОН 2** | **ОН 3** | **ОН 4** | **ОН 5** | **ОН 6** | **ОН 7** | **ОН 8** | **ОН 9** | **ОН 10** | **ОН 11** | **ОН 12** | **ОН 13** | **ОН 14** | **ОН 15** |
| Жалпы білім беретін пәндер циклі (бакалавриат үшін)<br>Таңдау бойынша компонент | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D1 | Қолданбалы бизнес | Қолданбалы бизнестің негіздері туралы білімді қалыптастыру, қабылданған шешімдер мен басқару мәдениетінің сапа-сын жақсарту мақсатында оқытылады. Өткізу нарығын талдау әдістерін зерттеу, өнімнің сипаттамасы, бизнес-жоспарды, өндірістік жоспарды, маркетинг жоспарын, ұйымдастырушылық жоспарды, қаржылық жоспарды әзірлеу және ұсыну туралы скрақтар қарастырылады. | 5 | + | | | | | | | | | | | | | | |
| | Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | Құқықтық тәрбие, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, құқықтық сананы арттыру туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазіргі заманғы құқықтың негізгі салалары, ҚР заңнамасын түсіну, сыбайлас жемқорлық құбылыстарын сыни талдау және осы құбылысқа қатысты өзінің азаматтық ұстанымын қалыптастыру сұрақтары қарастырылады. | 5 | + | + | | | | | | | | | | | | | |
| | Ғылыми зерттеу негіздері | Білім алушылардың ғылыми зерттеулер саласындағы білімдерін | 5 | + | | | + | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қалыптастыру, ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын үйрету және дамыту мақсатында оқытылады. Ақпарат көздерімен жұмыс істеу ережелері, ғылыми жұмыстардың жеке-келеген түрлерін жобалау тәсілдері, зерттеудің мақсаттары мен міндеттерін қою, қорытындыларды тұжырымдау мәселелері; ғылыми этика негіздері сұрақтары қарастырылады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері | Қоғамның, табиғаттың дамуы, қазіргі заманның экологиялық мәселелері, адамның тіршілік ету ортасымен қауіпсіз өзара әрекеттесуі туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың қазіргі заманғы тәсілдері, тіршілік қауіпсіздігін құқықтық реттеу, жағымсыз әсерлердің дамуын болжау, төтенше жағдайлардың салдарын бағалау сұрақтары қарастырылады. | 5 | + | + | | | | | | | | | | | | | |
| D2 | Оқушылардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы | Курстың мақсаты оқушылардың ағзасының өсуі мен дамуының жалпы заңдылықтары; орталық жүйке жүйесі мен жоғары дәрежелі жүйке жүйесінің физиологиясы; висцеральдық жүйелердің жас ерекшеліктері; негізгі тіршілік функцияларды реттеу принциптерінің тұрақтылығы; мектеп оқушылары ортасының гигиеналық бағалау әдістері; күнделікті жұмыстың және оқу үдерісі ұйымдастырылуының гигиеналық негіздері. | 5 | | + | + | | | | | | | | | | | | |
| D3 | Педагогика | Тұтас педагогикалық процестің мәні, | 5 | | + | + | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | оның мазмұны, ұйымдастыру принциптері, нысандары, әдістері, білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамытудағы субъектілік өзара әрекеттесу құралдары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруда студенттердің педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруға және кәсіби бағдарын дамытуға арналған. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D4 | Білім берудегі менеджмент | «Білім берудегі Менеджмент» курсы білім беруді басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздерін зерттеуге арналған. Курс Қазақстан Республикасында және шетелде қазіргі кезеңде білім беру жүйесін дамыту үрдістері мен стратегиялары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Осы курс шеңберінде білім беру ұйымын басқару әдістері мен нысандарына, білім беру ұйымындағы басқарудың жалпы қағидаттарына, тұтас педагогикалық процесті жоспарлау мен мониторингті ұйымдастыруға, педагогикалық ұжымды басқару проблемаларына байланысты мәселелер қарастырылады. | 4 | | + | + | | | | | | | | | | | | |
| D5 | Инклюзивті білім беру | Курс заманауи білімдегі тенденциялардың бірі ретінде инклюзивті білім беру туралы түсініктерді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Әлемдік тәжірибе негізінде инклюзивті жағдайларды ұйымдастырудың әдістемелік мәселелері; ерекше білім | 5 | | + | + | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны; инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын педагогтердің құзыреттілік талаптары қарастырылады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D6 | Әдебиеттануға кіріспе | Курс білім алушыларға көркем әдебиеттің мәні мен маңызын танытып, әдебиеттану ғылымының салалары бойынша білімін толықтыру мақсатында оқытылады. Білім алушылардың көркем әдебиет пен әдеби шығарманы тілдік, поэтикалық және мазмұндық талдау дағдысын қалыптастырады. Пәнді игеру келесі кезеңде оқытылатын пәндерге алғышарт болып табылады. | 4 | | | | + | | | | | | | | | | | |
| D7 | Латыннегізді қазақ жазуы | Пән білім алушыларға латын графикасына негізделген қазақ жазуының ерекшелігі мен маңызын, тиімділігін түсіндіру мақсатында оқытылады. Қазақ тілі емле ережелерінің басты және қосалқы ғылыми ұстанымдары, қазақ емлесіндегі дәстүр мен жаңашылдық, қазақ тілі емлесіндегі жаңалықтардың лингвистикалық негіздері айтылып, қазақ емлесінің негізгі ережелері толық меңгертіледі. | 4 | | | | | + | | | | | | | | | | |
| D8 | XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті | Курс білім алушыларға қазақ әдебиетінің дамуының тарихи кезеңдерін сатылай кешенді зерттеу мақсатында XIX ғасырдағы қазақ әдебиеттің көрнекті өкілдерінің әдеби мұрасымен таныстырып, тереңдетіліп оқытады. Пәнді оқыту барысында студенттер халық ақындарының өмірі | 5 | | | | | | | | | + | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | мен шығармашылығынан қажетті деректерді біледі, әдебиеттану бойынша жүргізілген ғылыми ізденістерді меңгереді. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D9 | Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы | Қазақ тілінің сөзжасам жүйесін, күрделі атауларды кешенді түрде зерттеуді, сөзжасамдағы семантика мәселелерін, күрделі атаулардың типтері, даму, қалыптасу заңдылықтарын, грамматикалық мағыналардың жасалу жолдары мен амал-тәсілін, грамматикалық форма, грамматикалық категория, сөздердің морфологиялық құрылымын, сөз формаларының жасалу тәсілдерін, сөздердің грамматикалық сипаттарына қарай грамматикалық топтарға, сөз таптарына бөлінуін зерттейді. | 5 | | | | | | + | | | | | | | | | |
| D10 | Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі | Курс білім алушылардың филологиялық-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыруға, дамытуға, қазақ әдебиетін оқыту саласындағы болашақ кәсіби қызметке дайындауға бағытталған. Пәнді оқыту барысында студенттер әдебиетті оқытудың маңызды заңдылықтарын, әдіс-тәсілдерін қарастыра отырып, көркем шығармаларды мектеп жүйесінде оқыту дағдысын қалыптастырады. Сондай-ақ, әдебиетті оқыту теориясы мен әдістері саласындағы білімдерін, біліктері мен дағдыларын қалыптастырады. | 5 | | | | | | | + | | | | | | | | |
| D11 | Қазақ тілін оқыту әдістемесі | Пән білім алушылардың оқу барысында алынған білімін | 5 | | | | | | | + | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | практикалық іс-әрекетте қолдану дағдысын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Сонымен қатар, жан-жақты тарихи-әдеби, теориялық толық мәлімет пен практикалық дағдылар туралы түсініктерді игереді. Қазақ тілін педагогика және психологиямен байланыста оқыта отырып, оқытудың мазмұнын, түрлі әдіс-тәсілдерін, формаларын меңгереді. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D12 | Қазақ халық ауыз әдебиеті | Қазақ халық ауыз әдебиеті пәні фольклордың, фольклористика ғылымының туу, қалыптасу, даму тарихының күрделі кезеңдерін қазақ әдебиетінің бастаулары ретінде оқытуды мақсат етеді. Курс халық ауыз әдебиетінің эстетикасын, поэтикасын, тарихи-әлеуметтік сипаттары, оның дәстүрлік стильдері, халық шығармашылығының көркемдік әдістері, ауыз әдебиетінің шындыққа эстетикалық қарым-қатынасын зерттейді. | 5 | | | | | | | | + | + | | | | | | |
| D13 | Тарихи жырлар поэтикасы | Курс қазақ әдебиетінің тарихи дамуы барысындағы тарихи жырлардың қалыптасып дамуы, қаһармандардың тәуелсіздік жолындағы күресі жайындағы шежірені типологиялық және поэтикалық тұрғыдан түсіндіруді мақсат етеді. Тарихи жырлардың шығу тегі, дамуы тұтастануы, тақырыптық бөлінісі және жанрлық ерекшелігі тұрғысынан салыстырмалы-тарихи, поэтикалық талдау дағдыларын қалыптастырады және алған білімін өзіндік | 5 | | | | | | | | + | + | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | тәжірибесін жетілдіру барысында қолдана алады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D14 | Әдебиеттегі рухани жаңғыру үдерісі | Пән әдебиеттегі жаңашыл тенденцияларды, тәуелсіздік дәуіріндегі көркем шығармалардағы рухани жаңғыру идеяларын меңгеруді қарастырады. Ауыз әдебиетімен қатар әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу, даму кезеңдерін және де әдебиетке, әдебиеттану ғылымына қатысты терминдер мен түсініктер жүйесі жан-жақты қарастырылып, терең талданып зерделенеді және қазіргі әдебиеттегі дәстүр жалғастығының маңыздылығы қарастырылады. | 7 | + | | | | | | | + | | | | | | | |
| D15 | Ежелгі және қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет | Ежелгі сақ, ғұн дәуіріндегі әдеби жәдігерлер және Көне Түркі қағанатындағы жазба ескерткіштердің тарихи мәні мен мәдени құндылықтары қамтылады. Ұлттық әдебиет тарихының алғашқы бастаулары болып табылатын Қазақ хандығы дәуіріндегі жыраулар поэзиясының көркемдік ерекшелігі және де әдебиет тарихының туу, қалыптасу кезеңдері қарастырылады. | 7 | | | | | | | | + | + | | | | | | |
| D16 | Орта ғасырдағы қазақ әдебиеті | Пән қазақ әдебиетінің дамуы кезеңіндегі орта ғасырындағы әдебиеттің басты өкілдері туралы мағлұматтарды игеруге, олардың шығармаларындағы жанрлық ерекшеліктерді талдаудан алған білімдерін іс жүзінде қолдану дағдысын қалыптастыруға бағытталған. Курсты оқу барысында білім алушылар Ислам және Алтын | 7 | | | | | | | | + | + | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | орда дәуіріндегі әдеби туындылардың көркемдік-эстетикалық сипаттарын айқындайды. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D17 | Абайтану | Пән білім алушыларға Абай шығармалары мен философиялық ойларын өзіне дейінгі ойшылдардың мұраларымен байланыстыра отырып, тақырыптық және идеялық сабақтастығын талдай отырып оқытады. Курс ұлттық әдебиеттанудағы абайтану ілімінің қалыптасу жолдарының ғылыми өзекті мәселелерін жан-жақты игерген, ақынның адамгершілік мұратын ұлттық және адамзаттық гуманизм өнегесі тұрғысынан байыптай білетін мамандар қалыптастырады. | 5 | | | | | | | | + | + | | | | | | |
| D18 | XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті | Курс XX ғасыр басындағы әдебиеттің тақырыптық-идеялық, көркемдік-эстетикалық даму үдерісінің ерекшеліктерін талдау мақсатында оқытылады. Азаматтық мұрат-мақсаты отаншыл қасиеттерге негізделген Алаш қайраткерлерінің әдеби және қоғамдық істерінің тарихи маңызы, қалам қайраткерлерінің түрлі жанрдағы шығармашылық ізденістерінің эстетикалық әлемі, жаңашылдық қырлары қарастыра отырып, білім алушылардың әдеби шығарманы контекстуалдық талдау дағдысын қалыптастырады. | 5 | | | | | | | | | + | | | | | | |
| D19 | Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті | Пәнді оқыту барысында білім алушылар XX ғасырдың орта тұсында жазылып жарық көрген, әдебиеттің тарихы мен процесінде айрықша | 5 | | | | | | | | | + | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | орны бар көркем шығармалар мен көрнекті қаламгерлердің өмірбаянын, шығармашылық ізденістерін, олар туралы іргелі зерттеулер мен еңбектерді барынша материалдарды толық қамтиды. Сонымен қатар, кеңес дәуіріндегі идеологияның көркем әдебиетке әсерін айқындау басты мақсат болып табылады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D20 | Қазақ әдебиетіндегі модернистік ағымдар | Курс білім алушылардың қазақ әдебиетінде әдеби ағымдар дамуының басты кезеңдері мен тенденциялары туралы білімін шыңдай отырып, әдебиеттегі модернистік көзқарастардың тиімді жақтарын сараптай алу дағдыларын қалыптастырады. Әдеби ағымның әдеби бағытпен, әдеби мектептермен қарым-қатынасы туралы түсініктер береді. Пән қазақ әдебиетінде қалыптасқан әдеби ағымдар мен әлем әдебиетіндегі әдеби ағымдар туралы түсініктерді қалыптастыру мақсатында оқытылады. | 5 | | | | | | | | | + | | + | | | | |
| D21 | XX ғасырдың екінші жартысындағы және қазіргі қазақ әдебиеті | Курсты меңгеру барысында студенттер көркем әдебиеттің даму тенденцияларын анықтай алады. XX ғасырдың екінші жартысындағы әдеби туындылардың поэтикасына қатысты жазылған әдебиеттанушы ғалымдардың, сыншылардың еңбектеріндегі ой-пікірлер, тұжырымдарын біледі. Суреткер шығармаларындағы адам тұлғасының түрлі қарым-қатынастық жүйесін талдап, ұлттық және әлемдік көркемдік дамудың әсерін | 5 | | | | | | | | | + | | + | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | анықтайды. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D22 | Жанр және көркемдік әдіс | Пәнді оқыту барысында білім алушар әдеби шығармашылықтағы жанрлар мен көркемдік әдістің ролін анықтау дағдыларын қалыптастырады. Пән жанрдың дамуы, өзгеруі, жанрдың басқа әдеби категориялармен байланысы туралы теориялық түсініктер береді. Көркем әдіс теориясы және поэтика мәселелері оқытылады. Көркемдік әдістің түрлері туралы білім беріледі. | 5 | | | | | | | | | | | + | | | | |
| D23 | Сөздікпен жұмыс | Курс сөздіктердің түрлері, сөздіктерді құрудың теориялық негізі, сөздіктердің жалпы типологиясы, сөздіктердің макро және микроқұрылымы, қазақ лексикографиясы мен терминографиясының қалыптасуы, тарихы, теориялық және практикалық мәселелері туралы білім беру, сөздіктердің барлық түрлерімен жұмыс істеу, сөздіктен қажетті ақпаратты ала білу дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Тілдік, кәсіби ерекшеліктеріне қарай сөздікті орынды қолдана білуге үйретеді. | 5 | | | | | | | | | | + | | | | | |
| D24 | Аударматану лингвистикасы | Курсты оқыту барысында білім алушылар аударма түрлері, аударма трансформациясы, аударылымпаздық, аударманың толыққандылығы сияқты құбылыстар туралы білімдерін толықтырады. Аударманың теориясы мен тарихы, аударма лингвистикасының зерттелуі, даму кезеңдері, алғашқы үлгілері, аудармадағы лексикалық | 5 | | | | | | | | | | + | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | бірліктерді аудару жолдары мен грамматикалық мәселелер, аударманың басқа пәндермен байланысы, аударманың практикасы сияқты мәселелер қарастырылады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D25 | Тілдік қатынас негіздері | Пән тілдік қатынастың негізгі сипатын, құрамы мен басты қағидаларын, оны қолданудың әдіс-тәсілдерін қарастыру, тілдік қатынас мәселесінің зерттелу тарихы, анықтамасы, ерекшеліктері, тілдік қатынас және тілсіз қатынас, тілдік қатынасты іс жүзіне асырушылар, тілдік қатынастың құрамы, қатысымдық тұлғалар, сөйлесім әрекеті, оның түрлері, тілдік қатынастың ғылыми негіздері туралы теориялық білім қорын жетілдіру мақсатында оқытылады. | 5 | | | | | | | | | | + | | | | | + |
| D26 | Қолданбалы аудармatану | Пән аударманың қолданбалы мәселелерін шешу, аудармадағы авторлық құқықты сақтау, практик аудармашының кәсіптік біліктілігі мен этикасын, аудармашының іскерлік коммуникация мәдениетін қалыптастыру, түрлі стильдегі материалды аудару құзыретін меңгеруге негіз болатын білім қорын жетілдіру мақсатында оқытылады. Студенттердің ауызша және жазбаша аудару дағдыларын қалыптастырады. | 5 | | | | | | | | | | + | | | | | |
| D27 | Әдеби аударма негіздері | Болашақ маман ретінде аудармaтану тарихы, теориясы, практикасы, аударма заңдылықтары туралы біршама мағлұмат алады. Аударылатын тілдік, әдеби жүйелердің барлық деңгейлерінде | 5 | | | | | | | | | | + | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | кездесетін ұқсастықтар ,айырмашылықтарды тауып, олардың аударылу тәсілдерін меңгереді. Пәннен алған білімдерді шыңдау үшін аударма технологияларының жаңашылдықтарын іс жүзінде пайдалануды жүзеге асырады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D28 | Қазіргі компаративистика | Пән білім алушыларға қазіргі компоративистиканың қыр сырын меңгерту мақсатында оқытылады және компаративистика ғылымының бастаулары мен туу кезеңдерінің негізгі арналары және қалыптасу, дамы дәуірлеріндегі ғылыми ой-пікірдің тарихы туралы бір жүйеде терең білім береді. Ғылыми мектептер туралы, әдебиеттану ғылымының әдіснамалық мәселелерін меңгерген зерттеу жүргізуге дайын маман қалыптастырады. | 5 | | | | | | | | | | | + | | | | |
| D29 | Салыстырмалы әдебиеттану | Ұлттық әдебиеттануындағы салыстырмалық зерттеудің методологиялық даму үрдістерімен байланыстылықта алынып, әдіснамалық зерттеу әдіс-тәсілдерін ғылыми тұрғыда талдау дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Әлемдік және қазақ әдебиеттануының тарихи кезеңдері мен жаңашыл әдіс-тәсілдері жан-жақты қарастырылады. Ұлттық салыстырмалы әдебиеттанудың туу және қалыптасу тарихы, әдіснамасы туралы меңгереді. | 5 | | | | | | | | | | | + | | | | |
| D30 | Аударманың ғылыми және ақпараттық | Курс барысында аударматану бойынша ғылыми түсінік алады. Кез- | 5 | | | | | | | | | | + | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | тәжірибесі | келген мәтінді аудармa заңдылықтарын сақтай отырып дұрыс аудара білу, жанрлық ерекшелігіне сай аудару және оқырманға ұғынықты тілде жеткізеді. Әдеби аударманың қоғамдық қызметін, аудармa және аудармашы міндеттерін айқындау туралы проблемалық сұрақтар арқылы пікір айтуды қалыптастырады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D31 | Қазақ тілінің дыбыстар жүйесі | Пәнді оқу барысында студенттер тілдегі дыбыстардың санын, сапасын анықтайды және сол дыбыстарға қатысты түрлі заңдылықты игереді; дыбыстардың акустикалық-артикуляциялық қасиетін, фонетикалық құбылыстың пайда болуын, жіктелуін, сөз ішінде біріне-бірі ықпал етіп үндесуін, буын, екпін, сөйлеу мен жазудың арақатынасын терең меңгере отырып, дыбыстық талдауды дұрыс жасауға дағдыланады. | 5 | | | | | | | | | | | | + | + | | |
| D32 | Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы және морфонологиясы | Фонетика және морфонология саласының зерттелуі мен дамуын, қалыптасуын, әріп, фонема, дыбыстың сипаттамасын, дыбыстар тіркесімін, орфоэпия ерекшелігін айқындайды; фонетика мен морфонологияға негізделген және қалыптасқан теориялық білімін жинақтап, терминдерді ажыратады; алған білімін практикада қолданады; фонетикалық талдау жасайды; теориялық еңбектерге сүйене отырып, өзіндік пікір айтуды меңгереді. | 5 | | | | | | | | | | | | + | + | | |
| D33 | Қазақ | Білім алушылар курсты меңгеру | 5 | | | | | | | | | | | | | + | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | диалектологиясы | барысында қазақ диалектологиясының негізгі проблемасы және зерттелу тарихымен танысады; қазақ тілі говорындағы фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшелікті айқындайды; диалектілік құбылыстың пайда болу себебі мен таралу аймағынан мол мағлұмат алады; диалектологияның қазақ әдеби тіл тарихына да қатысын ажыратады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D34 | Семасиология және этимология | Пәнді оқытудың мақсаты этимологияның қалыптасу, даму жолдары және сөз мағынасының түрлері, сөз тарихына қатыстылығы меңгерту болып табылады. Сөздің шығу тарихын, жасалу жолын, қолданылу сипатын және берілу жолдары жайында алған білімдерін, сөздік құрам туралы түсініктерін этимологиялық талдауда қолданып, тарихи лексикология мәселелері жан-жақты қарастырылады. | 5 | | | | | | | | | | | | | + | | |
| D35 | Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен этнолингвистикасы | Сөздік қор мен сөздік құрамның арақатысы, сөз мағынасының түрлері, фразеологизмдердің берілу жолдары, түрлері, сөз табына қатыстылығы меңгеріледі. Сөз, ұғым, мағына және оның түрлері, фразеология, этнолингвистика жайында теориялық материалдар ұсынылып, лексикология және этнолингвистика мәселелері қарастырылады. Пәнді оқыту нәтижесінде лексикология мен этнолингвистикаға қатысты дағдылары қалыптасады. | 5 | | | | | | | | | | | | | + | + | |
| D36 | Туынды сөздер | Пән қазақ тіліндегі туынды сөздердің | 5 | | | | | | + | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жасалу тәсілдері мен үлгілерін, қазіргі жаңа сөздердің жасалу ерекшеліктерін, туынды сөздің түрлерін таныту мақсатында оқытылады. Нәтижесінде сөзді дұрыс қолдану, мағынасын жете түсіну, туынды сөздің жасалу жолын анықтай алу, тілдік заңдылықтарды сақтай отыра талдау дағдылары қалыптасады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D37 | Орфография мен пунктуацияның қиын мәселелері | Білім алушылар пәнді оқу барысында қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясын оқытудағы қиындық келтіріп жүрген мәселелерді қарастырады, емле мен тыныс белгілерін жазу практикасында қолдануды бірізге түсірудің тиімді жолдарын нақты фактілер негізінде талдау ерекшеліктерін қарастырады, қазақ жазуының тарихы, жаңа қазақ әліпбиінің лингвистикалық сипатын меңгереді. | 5 | | | | | | | | | | | | | + | | + |
| D38 | Тіл ілімдерінің негіздері | Оқу барысында студенттер тіл ілімінің негіздері, оның негізгі санаттары, талдау түрлері, ондағы тілдік бірліктердің ерекшеліктерін ажырата алады. Структуралық лингвистиканың немесе структуралық әдісінің дүниеге келушінің ішкі - сыртқы себептерін, ондағы тілдік құралдардың мазмұнды бейнелеуге қатысын анықтайды. Қолданылған тілдік құралдардың мағынасы, мәні, эстетикалық қызметін меңгереді. Шығарманы талдаудың жолдары мен әдістерін айқындайды. | 5 | | | | | | | | | | | | | | + | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| D39 | Тіл біліміне кіріспе | Курс сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу заңдылықтарының негізінде тілдің дыбыстық жүйесіне, дауысты, дауыссыз дыбыстарды, қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен ерекшеліктеріне, үндестік заңына, орфоэпия мен орфография, сонымен қатар қазақ тілінің фонетикалық даму заңдылықтарына қатысты теориялық және практикалық тұрғыдан жүйелі білім беруді мақсат етеді. | 5 | | | | | | | | | | | | | | + | |
| Негізгі пәндер циклі<br>ЖОО компоненті | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D40 | Әдебиет теориясы | Курс әдебиет теориясы мен көркем әдебиет туралы ғылыми ұғымдар жүйесін білім алушыларға түсіндіре отырып, олардың ойлау жүйесін дамытуды көздейді. Білім алушылар әдебиет теориясы пәнінің мазмұны мен формасының ерекшеліктерін, шығармашылықтың басқа түрлерімен және басқа ғылымдармен байланысын анықтай отырып, көркем шығарманы талдау дағдыларын қалыптастырады. | 5 | | | | | | | | | | + | | | | | |
| D41 | Жалпы тіл білімі | Студенттер жалпы лингвистикалық дайындығын тереңдетеді, тіл теориясының өзекті мәселелері бойынша білімдерін жинақтайды, тіл білімі ғылымының қалыптасу және дамуын, лингвистикалық мектептердің қалыптасуы жолдарын, лингвистикалық бағыттардың мәнін ұғынады, сонымен қатар лингвистикалық талдаудың әдістерін меңгереді. Лингвистикалық ойлау қабілетін | 6 | | | | | | | | | | | | | | + | + |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | қалыптастыратын жалпы методологиялық сипаттағы күрделі мәселелерді түсінеді | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D42 | Қазақ әдеби сынының тарихы | Пәнді игере отырып, білім алушылар қазақ әдебиеттану ғылымының негізгі саласы болып табылатын әдеби сынның туу, қалыптасу, даму жолдары туралы ұғым-түсініктерді қалыптастырады. Курстың негізгі мақсаты – студенттердің филолог-маман, әдебиет сыншысы бола білу жолындағы қабілеті мен бейімділігін ұштау, ғылыми-зерттеу жұмыспен шұғылдануға деген қызығушылығын арттыру болып табылады. | 5 | | | | | | | | + | | | + | | | | |
| D43 | Тіл тарихы | Курс барысында тіл тарихы жеке грамматикалық категориялардың қалыптасу эволюциясын, дыбыстар жүйесінде болған тарихи өзгерістерді қарастырылады. Әдеби тіл туралы жалпы мәлімет, қазақ әдеби тілінің зерттелу тарихы, пайда болу кезеңдері жайында мағлұмат береді. Қазақ әдеби тілінің лек¬сикалық, грамматикалық, лингво¬стилистикалық ерекшеліктерін, жазба ескерткіштердің лингвистикалық ерекшеліктерін меңгертеді. | 5 | | | | | | | | | | | | | | | + |
| D44 | Қазіргі қазақ әдебиеті | Пәнді оқу барысында білім алушылар ұлттық әдебиеттегі адам мен табиғат, адам мен қоғам, адам мен адам сияқты күрделі қарым-қатынастық жүйелердің көркем шығармада берілу жолы мен | 4 | | | | | | | | | | | + | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | ерекшеліктерін айқындайды. Кейіпкерге образдық талдау жасау арқылы адамның әлеуметтік және рухани психологиялық қырларына қатысты өз көзқарасын білдіре алады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| Негізгі пәндер циклі<br>Таңдау бойынша компонент | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D45 | Алаш арыстарының тілдік мұрасы | Пәннің негізгі мақсаты – білім алушыларға алаш зиялыларының ұлттық әдеби тілді дамытуға қосқан үлестерін, қазақ әдеби тілінің қалыптасып, дамуында айрықша орын алған жаңалығы мен қайшылығы мол кезеңдерін жеке қарастыра отырып, жан-жақты талдауға үйрету болып табылады. Сондай-ақ, әдеби тіліміздің функционалдық стильдер жүйесінің қалыптасуына әсер еткен экстралингвистикалық факторларды айқындауды көздейді. | 6 | | | | | | | | | | | | | | | + |
| | Көркем мәтінді тілдік талдау және тіл мәдениеті | Пән білім алушыларды көркем мәтінге тілдік тұрғыда талдау жасауға үйретеді. Әдебиет стилистикасы және лингвостилистика, автор және оқырман стилистикасы, мәтін , оның типтері, байланысы, көркем мәтіннің санаттары, оның лексика-фразеологиялық қабаты, интертекстуалды байланыстар, тілдік тұлға құзіреті, мәтіндегі троптар мен фигуралар туралы түсінігін қалыптастырады. | | | | | | | | | | | | | | | | + |
| | Тәрбие жұмысының әдістемесі | Курс болашақ мұғалімдердің студенттермен жүргізілетін тәрбие | | | | + | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | жұмысының теориясы, әдістері мен технологиялары туралы білімдерін қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Мектептің оқу-тәрбие үрдісі біртұтас педагогикалық процестің құрамдас бөлігі ретінде, мұғалімнің сыныпта және мектепте оқушылармен жүргізетін тәрбие жұмысын жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру туралы сұрақтар қарастырылады. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| D46 | Қазақ әдебиетін оқытудың интерактивті әдістемесі | Курс білім алушыларға заманауи мектептің жұмыс жағдайында практикалық қызмет үшін қажетті білім, білік, кәсіби дағдылар жүйесін меңгертеді. Пәннің мазмұнын қазақ әдебиеті пәнін оқыту бойынша қолданылатын интерактивті әдістер құрайды. Білім алушылардың қазақ әдебиетін интерактивті оқыту әдіс-тәсілдерін қолдану дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. | 5 | | | | | | | + | | | | | | | | |
| | Шетел әдебиетінің тарихы | Шетел әдебиетінің тарихы курсында студенттерге көне грек әдебиетінен бастап, қазіргі заманғы қаламгерлердің шығармашылық шеберлігі, ізденістері, өркениетке қосқан үлестері туралы оқытылады. Әлем әдебиетіндегі жанрлық ерекшеліктер, әдеби ағымдар мен бағыттар, ақын-жазушылардың ұлттық әдебиетті дамытудағы өзіндік рөлі, әдеби байланыстардың рухани мәдениетті жаңартудағы маңыздылығы қарастырылады. | | | | | + | | | | | | | | | | | |
| D47 | Қазіргі қазақ тілінің | Пән сөз формаларының | 6 | | | | | | | | | | | | + | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | синтаксисі | синтаксистік қызметі, сөз тіркесінің түрлері, сөйлем мүшелері, жай сөйлемнің құрылымдық типтері, құрмалас сөйлемнің мағыналық топтары, олардың жасалу жолдары, бөгде сөз, тыныс белгілер жүйесі жайында студенттерді негізгі ақпараттармен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, бұл білімін іс-тәжірибе жүзінде пайдалануға мүмкіндік жасайды. | | | | | | | | | | | | | | | | |
| | Абай және қазақ әдеби тілі | Курс Абайдың қазақ әдеби тілінің негізін салудағы қызметін, әдеби тілінің сипаты, нормалары менстильдік құрамы, қазіргі әдеби тіл стильдерінің ішкі подстильдік тармақтарға топтастырылуы туралы білім беру, функционалдық стиль мәтіндерін ажырату, оларда қолданылатын тілдік құралдарды білу, мәтіннен қажетті ақпаратты алу, стильдік белгілерді табу дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. | | | | | | | | | | | | | | | | + |

## 20. Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)

| ОН | Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері (ЖОН) | Оқыту әдістері | Бағалау әдістері |
|---|---|---|---|
| ОН 1 | Біртұтас жүйе және адам ретінде қоғам туралы, қазіргі қоғамдағы рухани процестердің рөлі, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы тараптардың құқықтық мүдделері, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, адамға және табиғи ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсері, латын графикасының негізгі ұғымдары туралы білімдерді қолданады. Қазақ халқының рухани құндылықтарын игеру арқылы ұлттың тағдыры мен келешегін игереді. | пікірталас | эссе жазу |
| ОН 2 | Әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсінік беруді жүзеге асыру | кейс-әдістер | эссе жазу |
| ОН 3 | Педагогикалық үдерісте білім беру және тәрбиелік міндеттерді қалыптастырады, оқытудың түрлерін, формаларын және әдістерін таңдайды, алған білімдері негізінде білім беру үдерісін басқарудың әдістері мен құралдарын, принциптері мен заңдылықтарын қолданады. Инклюзивті, жалпы білім беретін мектептердің арнайы сыныптары мен үйден оқыту жағдайында оқушыларды инклюзивті оқыту үлгісін қолдану жұмыстарын ұйымдастырып, жоспарлайды және шешім қабылдайды. | интерактивті дәріс | презентациялар |
| ОН 4 | Әдебиеттану ғылымы өзекті арналарымен, яғни әдебиет теориясы оның поэтикасынан алған білімімен көркем шығарманы талдайды. Шетел әдебиетінің классик жазушыларының шығармашылығы мен өмірбаяндарын, олардың әлем әдебиетіндегі ерекшеліктерін, маңызды рөлін меңгереді. | интерактивті дәріс | коллоквиум |
| ОН 5 | Латын әліпбиіне қатысты ережелерді, қағидаларды қалыптастырады, орфография мен пунктуацияға байланысты өз ойын айтып, пікірін ұсына алады. Латын графикасы негізіндегі қазақ тілінің орфографиялық ережелерін игереді, жазудың түрлеріне, қазақ жазуының қалыптасуына байланысты негізгі ұғымдарды игереді. Қазіргі қазақ тілінде сөзжасамдық және морфологиялық талдауды игеріп шығады. Белгілі бір салада, жанрда қолданылатын тілдік бірліктер жиынтығын ажыратып, сипаттай алады, әдеби тіл нормаларын игереді. | дөңгелек үстел | тест |
| ОН 6 | Осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету; | интерактивті дәріс | тест |
| ОН 7 | Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда әдіс-тәсілдерді, ұстанымдарды, | кейс-әдістер | коллоквиум |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | оқытудың формаларын, түрлерін меңгереді және олардың ерекшеліктері мен тиімді тұстарын айқындайды. Қазақ әдебиетін интерактивті оқыту әдістемесінің негізгі даму кезеңдері мен қалыптасу ерекшеліктерін, негізгі интерактивті әдіс-тәсілдер өзгешеліктерін игереді. Оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдыларын меңгереді; | | |
| ОН 8 | Кәсіби деңгейде білім мен түсінуді қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және оқытылатын саладағы мәселелерді шешу | пікірталас | эссе жазу |
| ОН 9 | Қазақ халық ауыз әдебиетінің шығу тегі мен дамуын оның басқа да ғылымдарды дамытуға жасаған әсер, ықпалын бағамдайды. Қазақ әдебиеті тарихының дәуірлерінің әр кезеңінің жетістіктері мен кемшіліктерін ғылыми тұрғыда сараптайды. ХХ және қазіргі қазақ әдебиетіндегі әдеби шығармалардың негізгі тақырыптарын, идеялық бағытын, көркемдік ерекшеліктерін танып игереді. Абайтану ілімінің қалыптасып, даму тарихын игеріп, бұл істе кеткен кемшіліктер мен жетістіктерді меңгереді. | кейс-әдістер | эссе жазу |
| ОН 10 | Ғылыми зерттеулердің әдістерін және академиялық хатты білу және оларды оқытылатын салада қолдану; | интерактивті дәріс | презентациялар |
| ОН 11 | Оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану | пікірталас | эссе жазу |
| ОН 12 | Аударматану тарихы, теориясы, практикасы, аударма заңдылықтары, сөздіктердің сипаты, түрлері, құрастырылуы, қазақ лексикографиясы мен терминографиясы мәселелері туралы білім алады. Аударманың қоғамдық қызметін, аударма және аудармашы міндеттерін айқындайды. | кейс-әдістер | эссе жазу |
| ОН 13 | Ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің туу, қалыптасу, даму жолдарын саралай игереді, әдебиеттану ғылымының әдіснамалық мәселелерін меңгереді, компарастивиканың негізгі бағыттарын талдайды. Әлемдік және ұлттық әдебиеттанудың тарихындағы салыстырмалы әдебиеттану мен тіл білімінің зерттеу әдіс-тәсілдерін жүзеге асырады. Әдебиет теориясының бастаулары мен арналарын игереді және меңгереді. | интерактивті дәріс | презентациялар |
| ОН 14 | Тіл біліміне қатысты алғашқы тілдік түсініктерді, тілдің пайда болуы, қалыптасуы, даму заңдылықтары, тіл білімінің салалары, тілдердің жіктелуі, тілдің қызметі сияқты мәселелерді игереді, тіл мен қоғам арақатынасын, тіл мен ойлау, тіл мен сөйлеуді байланыстырады. Жалпы тіл білімінің тарихын, тіл біліміндегі бағыттар мен мектептерді, тіл білімінің теориялық мәселелерін игереді. | интерактивті дәріс | тест |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ОН 15 | Абай шығармалары тілі мәселелеріне қатысты теориялық білім алады. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы, кезеңдері, алғашқы арналары мен тарихи негіздерін білу, қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары, жеке стильдік тармақтарға саралануы, қоғамдық қызметі, тіл саясатына байланысты әдеби тілдің дамуына әсерін тигізетін ішкі (тілдік) және сыртқы (тілдік емес) жағдаяттарды меңгереді. | интерактивті дәріс | тест |

## 21. Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері

| ОН кодтары | Критерийлер |
|---|---|
| ОН 1 | **Біледі**: қоғамдық-саяси пәндер саласында ғылыми және қолданбалы әдістерді қолданудағы дағдылар мен дағдыларды дамыту үшін философиялық, тарихи, әлеуметтік және саяси ғылымдар саласында жүйелі түсінік көрсету. Біртұтас жүйе және адам ретінде қоғам туралы, қазіргі қоғамдағы рухани процестердің рөлі, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы тараптардың құқықтық мүдделері, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары, адамға және табиғи ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсері, латын графикасының негізгі ұғымдары туралы біледі.<br>**Істей алады:** зерттелген пәндердің пәндік саласын анықтай білу, ғылым мен қазіргі заманның өзекті мәселелерін талдау барысында алынған білімді пайдаланады.<br>**Меңгерген:** Қазақ халқының рухани құндылықтарын зерттеу арқылы ұлттың тағдыры мен келешегін қалыптастыруды толықтай меңгерген. |
| ОН 2 | **Біледі**: ғылыми талдау дағдыларын қалыптастыруға және білім беруді келесі деңгейлерде жалғастыра біледі, .қоғамдық-саяси пәндер саласында ғылыми және қолданбалы әдістерді қолданудағы дағдылар мен дағдыларды дамыту үшін философиялық, тарихи, әлеуметтік және саяси ғылымдар саласында жүйелі түсінік көрсету.<br>**Істей алады:** зерттелген пәндердің пәндік саласын анықтай біледі, ғылым мен қазіргі заманның өзекті мәселелерін талдау барысында алынған білімді пайдаланады. тыңдаушылар қоғамдық-саяси және тарихи ғылымдар саласында алынған мәліметтерді жинап, өңдей алады, сондай-ақ маңызды философиялық, әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелер бойынша пікір қалыптастырады.<br>**Меңгерген: ә**леуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсінік беруді меңгерген. |
| ОН 3 | **Біледі:** педагогикалық үдерісте білім беру және тәрбиелік міндеттерді, оқытудың түрлерін, формаларын және әдістерін біледі.<br>**Істей алады:** алған білімдері негізінде білім беру үдерісін басқарудың әдістері мен құралдарын, принциптері мен заңдылықтарын пайдалана алады.<br>**Меңгерген:** Иинклюзивті, жалпы білім беретін мектептердің арнайы сыныптары мен үйден оқыту жағдайында оқушыларды инклюзивті оқыту үлгісін қолдану жұмыстарын ұйымдастыруды, жоспарлауды және шешім қабылдауды меңгерген. |
| ОН 4 | **Біледі:** әдебиеттану ғылымының өзекті арналарымен, яғни әдебиет теориясымен, оның поэтикасынан алған білімімен көркем шығарманы талдауды біледі.<br>**Істей алады: ә**дебиеттің ғылыми өзекті мәселелерін жан-жақты талдайды. Әдебиеттану ғылымының теориялық сипаты мен жанрлық ерекшеліктерін эстетикалық талғаммен түсіндіру деңгейіне, фольклордың жанрларды типологиялық, поэтикалық жағынан өз бетінше талдауға қол жеткізеді. Фольклорға және көп нұсқалық, варианттылық версия туралы толық түсініп, практикалық іс-тәжірибеде қолдана біледі. XXI ғасыр әдебиетіндегі басты өкілдер туралы мағлұматтарды игеріп, олардың шығармаларындағы жанрлық ерекшеліктерді талдаудан алған білімдерін іс жүзінде қолдана алады. Алған білімін жалпы білім беретін мектептерде жаңартылған білім мазмұнына сай Қазақ әдебиеті пәнін өткен кезде қолданады.<br>**Меңгерген:** шетел әдебиетінің классик жазушыларының шығармашылығы мен өмірбаяндарын, олардың әлем әдебиетіндегі |

| | |
|---|---|
| | ерекшеліктерін, маңызды рөлін меңгерген. |
| **ОН 5** | **Біледі: :** пәнді оқу барысында тілдің қоғам өмірінде алатын орнын, яғни оның қоғам қажеттігін өтейтін құрал екендігіне талдау жасайды, тілдің қоғамдық қызметін саралайды, тілдің ішкі және сыртқы даму заңдылықтарын ашып түсіндіреді. Сөздің дыбыстық жағы мен жазудың арақатынасын, сөзді буынға бөлуді, тасымалдауды, сингармонизм заңдарын түсінеді; фонетикалық талдау жасай алады, теориялық еңбектерге сүйене отырып, өзіндік пікір айта біледі; Сөз, ұғым, мағына және оның түрлері, фразеология жайында алған білімдерін, сөздік құрам туралы түсініктерін лингвистикалық талдауда қолданады.<br>**Істей алады:** латын әліпбиіне қатысты ережелерді, қағидаларды біледі, орфография мен пунктуацияға байланысты өз ойын айтып, пікірін ұсына алады. Белгілі бір салада, жанрда қолданылатын тілдік бірліктер жиынтығын ажыратып, сипаттай алады.<br>**Меңгерген:** латын графикасы негізіндегі қазақ тілінің орфографиялық ережелерін, жазудың түрлеріне, қазақ жазуының қалыптасуына байланысты негізгі ұғымдарды, қазіргі қазақ тілінде сөзжасамдық және морфологиялық талдауды, әдеби тіл нормаларын меңгерген. |
| **ОН 6** | **Біледі:** пәнді оқыту мақсатындағы коммуникативтік қабілеттер тілдік қатынасты дұрыс пайдалануға, мәтінді лингвистикалық талдауға, тіл білімінен алған теориялық мәселелерді жан-жақты пайдалануға мүмкіндік береді. Фонетикадағы орфографиялық қағидаттар, морфологиялық ерекшеліктер сипатын, емле және тыныс белгілері ережелерін дыбыстау (айту), жазу негізінде жүзеге асыру мүмкіндігі қалыптасады.<br>**Істей алады:** сөздің лексикалық жүйеде алатын орнын, лексикалық мағына, сөздің кеңеюі мен тарылуын, пайда болу, қалыптасу заңдылықтарын, этимологиясын, эмоциялық-стильдік сипатын, фразеологизмдер және олардың түрлерін меңгеріп, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымда кәсіби деңгейде жүзеге асыра отырып, шығармашылық ойлау дағдыларын сөйлеу мәдениетінде қалыптастыру, тіл білімінен алған теориялық білімді күнделікті өмірде пайдалана алады, мәтінге фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік талдау жасай алады, түрлі тілдер құрылысын салыстыра-салғастыра біледі, сөздіктермен, ғылыми әдебиеттермен жұмыс істей алады, тілдің өзгеру себептерін түсіндіре алады.<br>**Меңгерген:** осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсете алады. |
| **ОН 7** | **Біледі:** қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда әдіс-тәсілдерді, ұстанымдарды, оқытудың формаларын, түрлерін және олардың ерекшеліктері мен тиімді тұстарын біледі.<br>**Істей алады:** жаңаша оқыту әдістемесінен алған білімін практикада қолдана біледі, өзекті мәселелерге өзіндік тұрғыдан талдау жасай алады, оқытудағы жаңалықтарды кеңінен пайдалануға машықтанып, нақты ситуацияларда қолданады. Пәнді оқу барысында студенттер қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңашыл технологияларды өз бетінше талдайды және жаңартылған білім мазмұнымен байланыстыра отырып қолданады. Білім беру қызметінде IT-технологияларды қолдану<br>**Меңгерген:** Қазақ әдебиетін интерактивті оқыту әдістемесінің негізгі даму кезеңдері мен қалыптасу ерекшеліктерін, негізгі интерактивті әдіс-тәсілдер өзгешеліктерін және оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдыларын меңгерген. |
| **ОН 8** | **Біледі:** Кәсіби деңгейде білім мен түсінуді қолдануды, дәлелдерді қалыптастыруды және оқытылатын саладағы мәселелерді шешуді біледі.<br>**Істей алады:** Әдебиеттің ғылыми өзекті мәселелерін жан-жақты талдайды. Әдебиеттану ғылымының теориялық сипаты мен жанрлық ерекшеліктерін эстетикалық талғаммен түсіндіру деңгейіне, фольклордың жанрларды типологиялық, поэтикалық жағынан өз бетінше талдауға қол жеткізеді.<br>**Меңгерген:** Фольклорға және көп нұсқалық, варианттылық версия туралы толық түсініп, практикалық іс-тәжірибеде қолдана |

| | |
|---|---|
| | біледі. XXI ғасыр әдебиетіндегі басты өкілдер туралы мағлұматтарды игеріп, олардың шығармаларындағы жанрлық ерекшеліктерді талдаудан алған білімдерін іс жүзінде қолдана алады. Алған білімін жалпы білім беретін мектептерде жаңартылған білім мазмұнына сай Қазақ әдебиеті пәнін өткен кезде қолдануды меңгерген. |
| **ОН 9** | **Біледі:** қазақ халық ауыз әдебиетінің шығу тегі мен дамуын оның басқа да ғылымдарды дамытуға жасаған әсер, ықпалын біледі.<br>**Істей алады:** Қазақ әдебиеті тарихының дәуірлерінің әр кезеңінің жетістіктері мен кемшіліктерін ғылыми тұрғыда сараптай алады.<br>**Меңгерген:** XX ғасыр және қазіргі қазақ әдебиетіндегі әдеби шығармалардың негізгі тақырыптарын, идеялық бағытын, көркемдік ерекшеліктерін, Абайтану ілімінің қалыптасып, даму тарихын, бұл істе кеткен кемшіліктер мен жетістіктерді меңгерген. |
| **ОН 10** | Біледі. Аударманың қыр-сырын үйренеді, әдеби тілге тән қолданыстарды ажыратып, тілдік құралдарды қолдана білуге машықтанады, мәтін стиліне қатысты заңдылықтарды игеруде, кез келген мәтінді стильдер тұрғысынан талдауда стильдердің дамуындағы заңдылықтарды анықтай біледі.<br>**Істей алады:** Ғылыми зерттеулердің әдістерін және академиялық хатты біледі және оларды оқытылатын салада қолдана алады. Кез келген қиындықтағы мәтіндерді аудара алады.<br>**Меңгерген:** Тілдік қатынастан алған теориялық мәселелерді жан-жақты пайдалануға мүмкіндік береді. Коммуникациялық қабілет, берілген нақты жобалар бойынша таным көкжиегінің кеңеюіне, сонымен бірге, белсенді дайындығын іске асыруды меңгерген. |
| **ОН 11** | **Біледі:** оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдануды біледі.<br>**Істей алады:** адамзат тарихында елеулі орын алатын туындылардың айырмашылықтарын, артықшылықтары мен кемшіліктерін толық танып білу. Абайтану ілімінің қалыптасып, даму тарихын игеріп, бұл істе кеткен кемшіліктер мен жетістіктерді толықтай түсінеді. Абайтануша қайраткер ғалымдардың ісіне сүйсінеді. Абай өлеңдері мен қара сөздерін жарыққа шығару, жазылу тарихын біледі. Әдебиет теориясының бастаулары мен арналарын біледі және меңгереді. Әдеби-теориялық ой-пікірдің қалыптасу кезеңдері туралы зерттеу еңбектердегі тұжырым мен қорытындыларды қазіргі кездегі ғылыми көзқарастармен ұштастырады.<br>**Меңгерген:** қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы, кезеңдері, алғашқы арналары мен тарихи негіздерін білу, қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары, жеке стильдік тармақтарға саралануы, қоғамдық қызметі, тіл саясатына байланысты әдеби тілдің дамуына әсерін тигізетін ішкі (тілдік) және сыртқы (тілдік емес) жағдаяттарды білу және түсіну. тілдік коммуникацияның зерттелу тарихын, тілдік қатынас пен тілсіз қатынастың ерекшеліктерін, тілдік қатынастың құрамын, сөйлесім әрекетінің түрлерін толық анықиаған. |
| **ОН 12** | **Біледі:** аудармата ну тарихы, теориясы, практикасы, аударма заңдылықтары, сөздіктердің сипаты, түрлері, құрастырылуы, қазақ лексикографиясы мен терминографиясы мәселелері туралы біледі.<br>**Істей алады:** тілдің адам өміріндегі рөлін білгеннен кейін, оның ойлау арқылы іске асқан даму жағдайына қатысты өз көзқарастарын білдіреді. Дыбыс жүйесіне қатысты ережелерді, қағидаларды қалыптастырады, сингармонизм заңына, дыбыс алмасуларына, орфоэпия мен орфографияның аражігіне байланысты пікір білдіріп, ұсыныс айта алады. Сөз, ұғым, мағына туралы, мағына түрлерін, мағынаның берілу жолдарын, семантикалық топтарды талдап, ғылыми тұжырымдарды саралап |

| | |
|---|---|
| | өзіндік пікірін білдіреді. Сөздік қор мен сөздік құрамның айырмашылығын айқындап, өз ойларын еркін айта алады.<br>**Меңгерген**: аударманың қоғамдық қызметін, аударма және аудармашы міндеттерін меңгерген. |
| **ОН 13** | **Біледі:** ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің туу, қалыптасу, даму жолдарын, әдебиеттану ғылымының әдіснамалық мәселелерін, компарастивиканың негізгі бағыттарын біледі.<br>**Істей алады:** әлемдік және ұлттық әдебиеттанудың тарихындағы салыстырмалы әдебиеттану мен тіл білімінің зерттеу әдіс-тәсілдерін жүзеге асыра алады.<br>**Меңгерген:** әдебиет теориясының бастаулары мен арналарын меңгерген. |
| **ОН 14** | **Біледі:** С1 деңгейінде қазақ тілі дыбыстарының құрамы мен жүйесін, фонетикалық терминдерді, дыбыс, әріп, фонема, дыбыстардың сипаттамасын, дыбыстар тіркесімі, орфография, олардың ерекшелігін, сөздік қор мен сөздік құрамның арақатысын, лексиканың кеңею және толығу жолдарын, фразеологизмдердің тұрақты белгілерін және түрлерін, сөз табына қатыстылығын, сөз, мағына, ұғым және олардың арақатынасын, сөзжасамдық мағына және оның түрлерін, сөздердің морфологиялық құрамын, сөз таптарының морфемалық құрамын, синтаксистік категорияларды, сөз тіркесін, сөйлем мүшелерін, сөйлемнің түрлерін, зерттелу тарихын, жасалу жолдарын біледі.<br>**Істей алады:** Тіл біліміне қатысты алғашқы тілдік түсініктерді, тілдің пайда болуы, қалыптасуы, даму заңдылықтары, тіл білімінің салалары, тілдердің жіктелуі, тілдің қызметі сияқты мәселелерді біледі, тіл мен қоғам арақатынасын, тіл мен ойлау, тіл мен сөйлеуді байланыстыра алады.<br>**Меңгерген:** Жалпы тіл білімінің тарихын, тіл біліміндегі бағыттар мен мектептерді, тіл білімінің теориялық мәселелерін меңгерген. |
| **ОН 15** | **Біледі:** Абай шығармаларының тілі мәселелеріне қатысты теориялық білім алған. Адамзат тарихында елеулі орын алатын туындылардың айырмашылықтарын, артықшылықтары мен кемшіліктерін толық танып біледі. Абайтану ілімінің қалыптасып, даму тарихын игеріп, бұл істе кеткен кемшіліктер мен жетістіктерді толықтай түсінеді.<br>**Істей алады:** қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы, кезеңдері, алғашқы арналары мен тарихи негіздерін білу, қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары, жеке стильдік тармақтарға сараланyуы, қоғамдық қызметі, тіл саясатына байланысты әдеби тілдің дамуына әсерін тигізетін ішкі (тілдік) және сыртқы (тілдік емес) жағдаяттарды білу және түсіну. тілдік коммуникацияның зерттелу тарихын, тілдік қатынас пен тілсіз қатынастың ерекшеліктерін, тілдік қатынастың құрамын, сөйлесім әрекетінің түрлерін біледі. шетел әдебиетінің классик жазушыларының шығармашылығы мен өмірбаяндарын, олардың әлем әдебиетіндегі ерекшеліктерін, маңызды рөлін түсіндіреді.<br>**Меңгерген:** Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы, кезеңдері, алғашқы арналары мен тарихи негіздерін білу, қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары, жеке стильдік тармақтарға саралануы, қоғамдық қызметі, тіл саясатына байланысты әдеби тілдің дамуына әсерін тигізетін ішкі (тілдік) және сыртқы (тілдік емес) жағдаяттарды меңгерген. |

**22. Сертификаттау бағдарламасының «Атауы (Minor)»**

**Аударма тәжірибесі 1 -** 20 кредит
Қолданбалы аудармашы ,
Сөздікпен жұмыс ,
Салыстырмалы әдебиеттану ,

**Аударма тәжірибесі 2 -** 20 кредит
Әдеби аударма негіздері
Аудармашы лингвистикасы ,
Тілдік қатынас негіздері ,
Қазіргі компаративистика

| **Модульдің атауы** | **Семестр** | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** |
| **Аударма тәжірибесі 1** | | | | | | | Қолданбалы аудармашы, Сөздікпен жұмыс, Аударманың ғылыми және ақпараттық тәжірибесі, Салыстырмалы әдебиеттану |
| **Аударма тәжірибесі 2** | | | | | Әдеби аударма негіздері, Қазіргі компаративистика | | Аудармашы лингвистикасы, Тілдік қатынас негіздері |

## 23. Түлек моделі

**Түлек атрибуттары:**

- Өз оқыту саласындағы терең кәсіби білім
- Білім және ғылым саласындағы трендтерді игеруге деген қызығушылық
- Коммуникабельділік
- Төзімділік және тәрбие
- Академиялық адалдық
- Қазақстанның Мемлекеттік міндеттері мен стратегияларын шешуге қатысуға дайындық

| Құзыреттілік түрлері | Құзыреттіліктер сипаттамасы |
|---|---|
| 1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills) | - Эмоционалды интеллект<br>- Жаһандық сын-қатерлерге бейімделу<br>- Көшбасшылық<br>- Кәсіпкерлік ойлау<br>- Жаһандық азаматтық<br>- Академиялық адалдық қағидалары мен мәдениетінің маңызын қабылдау |
| 2. Сандық құзыреттіліктер (Digital skills) | - әр түрлі ақпарат көздерінен білім алу тәсілдерін игеруге негізделген тәуелсіз танымдық іс-әрекет саласындағы құзіреттілік; |
| 3. Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills) | - Аналитикалық-зерттеу құзыреттілігі (Analytical and research skills):<br>- Кәсіби коммуникациялық-этикалық құзыреттер (Forensic eloquence and ethical skills): |

**Құрастырған:**

Кафедра меңгерушісі, ф.ғ.к., қауым. профессор ________________С.У.Такиров
П.ғ.м., қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы____________Б.Е.Сыздыкова
П.ғ.м., қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы____________А.Қ.Қайырбекова

**Ескертулер:**

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесі отырысында қарастырылды «06» 04 2023 ж. Хаттама № 8
Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық Кеңесі отырысында қарастырылды «28» 04 2023 ж. Хаттама № 5
Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылды және бекітілді «30» 05 2023 ж. Хаттама № 12

**Басқарма мүшесі, академиялық мәселелер бойынша проректор** **Т.З.Жүсіпбек**
**Академиялық жұмыс департаментінің директорының м.а.** **С.А.Смаилова**
**Филология факультетінің деканы** **Е.Е.Түйте**

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ
## 6В01701 – ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

**Жоспардың мақсаты** – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

**Мақсатты индикаторлар**

| № | Индикаторлар | Өлшем бірл. | 2022-2023 (факті бойынша) | 2023-2024 (жоспар) | 2024-2025 (жоспар) | 2025-2026 (жоспар) |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Кадрлық потенциалды дамыту** | | | | | |
| 1.1 | Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі | Адам саны | 1 | 1 | 1 | 1 |
| 1.2 | Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру | Адам саны | 12 | 2 | 2 | 2 |
| 1.3 | Оқытуға практик-мамандарды тарту | Адам саны | - | 1 | 1 | 1 |
| 1.4 | Басқа | Адам саны | | | | |
| 2 | **Рейтингтердегі БББ жылжыту** | | | | | |
| 2.1 | НАОКО | Позициясы | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 2.2 | НААР | Позициясы | 3 | 3 | 3 | 3 |
| 2.3 | Атамекен | Позициясы | 10 | 2 | 2 | 2 |
| 3. | **Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу** | | | | | |
| 3.1 | Оқулықтар | Саны | - | - | - | 1 |
| 3.2 | Оқу құралдары | Саны | 2 | 1 | 1 | 1 |
| 3.3 | Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау | Саны | - | - | 1 | - |
| 3.4 | Электронды оқулық | Саны | 2 | 1 | 1 | 1 |
| 3.5 | Видео/аудиодәріс | Саны | 5 | 2 | 2 | 2 |
| 3.6 | Басқа | Саны | | | | |
| 4. | **Оқу және зертханалық базаны дамыту** | Саны | | | | |
| 4.1 | Бағдарламалық өнімдерді сатып алу | Саны | | | | |
| 4.2 | Жабдықтарды сатып алу | Саны | | | | |
| 4.3 | Басқа | Саны | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **5.** | **БББ мазмұнын өзектендіру** | | | | | |
| 5.1 | Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту | Жыл | + | + | + | + |
| 5.2 | БББ-на шет тілдеріндегі оқу пәндерін енгізу* | Жыл | - | - | - | - |
| 5.3 | Оқытудың жаңа әдістерін енгізу | Жыл | + | + | + | + |
| 5.4 | ББ базасында бірлескен / екі дипломды бағдарламаны ашу | Жыл | - | - | - | - |
| 5.5 | Басқа | Жыл | | | | |

**Қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі** **С.У.Такиров**